

2

3

4-5

7

Ембі ТЫНЫСЫ

№9 (49)
мамыр
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, интернационалист-жауынгерлер, әріптестер және Атырау облысының тұрғындары!



Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен және Отан қорғаушылар мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

1941-1945 жылдардағы қан құйлы соғыс кезінде барша қазақстандықтар өжеттілік пен қайсарлықтың тамаша үлгісін көрсете білді. Олар барлық майданда ұрыс даласы мен тылда да Жеңіс таңының ататынына мол сенім артып, қиындықпен күресе білді. Сол сұрапыл жылдарда ембілік мұнайшыларға үлкен жауапкершілік жүктелді. Елдің иығына түскен ауыртпашылық кезеңдерде мұнай кен алаңдарының үздіксіз жұмыс істеп, өнім өндіру көрсеткішін төмендетпеу талап етілді. Ембілік мұнайшылар осы талап деңгейінен көріне білді. Тыл даласындағы жасампаз еңбектерімен Жеңіс күніне өз үлестерін қосты. Ембі өңірінің «қара алтыны» тоқтаусыз майданға жөнелтіліп жатты. Жаңа мұнай кен алаңдары игеріліп, іске қосылды, өнім өндіру көлемі еселенді.

Ел тағдырын жоғары қойған аға буынның ауыр, азапты өмір жолына үлкен сыйластықпен қараған ембіліктер бүгінгі таңда ардагерлерінің салып кеткен сара жолдарын құрмет тұтады. Бұл күндері «Ембімұнайгаз» АҚ-ның әр мұнайшысы соғыс жылдарында, одан кейінгі кезеңде де аянбай ең -

бек еткен ардақты аға буынды ұдайы құрметтейді.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ құрылымдарында 3 соғыс ардагері, 98 тыл еңбеккері, сонымен қатар, 15 Ауған жауынгері бар. Компания тарапынан әлеуметтік көмекпен толықтай қамтылған оларға тегін медициналық сақтандыру бойынша және еліміздің емдеу-сауықтыру орындарына жолдамамен көмектер көрсетілуде.

Жеңіс күні мерекесіне орай соғыс ардагерлеріне 500 мың теңге, тыл еңбеккерлеріне 50 мың теңге және Ауған жауынгерлеріне 50 АЕК көлемінде біржолғы сыйақы беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы атынан жерлерімді Ұлы Жеңіс күнімен, Отан қорғаушылар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге мықты саулық, шаңырақтарыңызға береке-бірлік, егемен еліміздің ертеңіне жарқын болашақ тілеймін.

**Құрметпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы
Есен ҚАЙЫРЖАН.**

ҚМГ Директорлар кеңесі орталық аппараттың жаңа ұйымдық құрылымын бекітті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің отырысында жаңа ұйымдық құрылымды бекіту туралы шешім қабылданды. Шешім компанияның қаржы жағдайын тұрақтандыру және нарықтық факторлардың жағымсыз ықпалын азайтуға бағытталған іс-шаралардың аясында қабылданды.

ҚМГ орталық аппараты ұйымдық құрылымының жаңа жобасы келесіні қамтиды:

- геология, барлау және өндіріс бөліктерін біріктіру. Сәйкесінше, Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасарының қызметі қысқартылды;

- басқару деңгейлерін азайту. Нәтижесінде 22 басқарушы директордың лауазымдары жойылады;

- департаменттердің санын үш есе азайту

- Корпоративтік орталықтың құрылымы шағын әрі жедел қимылдауға және бизнес үшін дағдарыс салдарын аз шығынмен еңсеру үшін тиімді шешімдер қабылдай алатындай болуы тиіс. Дағдарысқа қарсы стратегияны жүзеге асыруға баса назар аудару мақсатымен көптеген қызмет түрлерінен бас тартамыз және

еншілес компаниялармен ықпалдастықтың тетіктерін қайта қарастыратын боламыз, – деді ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

ҚМГ-да бизнес-процестер оңтайландырылып, дағдарысқа байланысты өзектілігін жоғалтқан көптеген жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жоспарлар қайта қарастырылуда. Нәтижесінде орталық аппараттағы қызметкерлердің штаттық санын 34%-ға – 729-дан 480 адамға дейін азайту туралы шешім қабылданды. ҚМГ басшылығы жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерінің алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін терең ұғына отырып, босатылған қызметкерлерге барынша қолдау көрсетуге ниетті. Босатылған қызметкерлердің таңдауы бойынша қолдаудың бірнеше түрі көрсетіlmек. Атап айтқанда, біржолғы жәрдемақы төлеу немесе басқа жұмысқа тұру үшін рекрутингтік ұйымдардың қызметін ұсыну не ҚМГ есебінен қайта оқытудан өту.

Әлеуметтік жауапкершілікке негізделген босату шаралары «Самұрық-Қазына» қорының тапсырмасын орындау аясында дайындалды.

www.kmg.kz

«ҚазМұнайГаз» I тоқсандағы қызметін қорытындылады



жылғы I тоқсанмен салыстырғанда түсім 21%-ға -1,7 трлн теңгеден 1,4 трлн теңгеге дейін қысқарды. Нәтижесінде, шоғырландырылған таза пайда 309 млрд теңгеден бағалау бойынша 100 млрд теңгеге дейін азайды.

Кейбір еншілес және тәуелді кәсіпорындар шығынға батты. Біздің кәсіпорындар үшін мұнайдың шығынсыз бағасы мұнай өндіруші еншілес компанияларда 10-нан бастап 36 доллар арасында. Қазір біз шығындарды азайту есебінен бұл деңгейді төмендету бойынша жұмыс істеп жатырмыз, – деді Д.Қарабаев.

Бұған қоса, спикер бас компанияның қарыз көрсеткіштеріне де тоқталып, 2018 жылдың басынан бері компанияның қарызы 16 млрд доллардан 10,6 млрд долларға дейін едәуір қысқарғанын, қарыз сомасы қаржылық тұрақтылықты нығайту жөніндегі шаралардың және мерзімнен бұрын өтеу бағдарламасының арқасында азайғанын айтып өтті.

Онлайн-брифинг барысында БАҚ өкілдері желі арқылы компанияның қазіргі нарықтық жағдайдағы өнім өндіру көлемі, IPO-ға көшу процесінің жүруі және тағы басқа мәселелер төңірегінде өз сауалдарын жолдады. Сұрақ-жауап кезеңінде «еншілес компанияларда қызметкерлердің босатылуы жоспарланып отыр ма?» деген сауалға Д.Қарабаев: «Қазір мұндай мәселе көтеріліп отырған жоқ. Біз жұмысты орталық аппараттан бастадық. Бүгінгі таңдағы ҚМГ басты мақсаты – шығындарды түсетін табыспен сәйкестендіру. Кейінгі шешімдер сол жұмыстың аясында қабылданатын болады», – деді.

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаевтың Samruk Aqparat баспасөз орталығының алаңында «ҚазМұнайГаздың» 2020 жылғы I тоқсандағы қызметінің қорытындысы және нарықтағы жағдайдың компанияға ықпалы» тақырыбында онлайн-брифингі өтті.

Брифингтің барысында Бас компания Басқарма төрағасының орынбасары компанияның өндірістік, қаржылық көрсеткіштеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Оның айтуынша, аталған кезеңде мұнай және газ конденсатын өндіру деңгейі 5,9 млн тн құрап, өндірілген мұнайдың 4 млн тн жуығы немесе 69%-ы экспортқа шығарылды. Ал, магистралды құбырлар бойынша мұнай тасымалдау көлемі 18,5 млн тн деңгейінде болды. Газ тасымалдау көлемі 9,4%-ға ұлғайып, 28,3 млрд текше метрге жетті.

- Қаржы көрсеткішіне келер болсақ, 2019

Соғыс ардагеріне – жарты миллион

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай компанияның зейнеткерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламасы аясында кәсіпорын зейнеткерлері– Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 200 мыңнан 500 мың теңгеге дейін, тыл еңбеккерлеріне 30 мыңнан 50 мың теңгеге дейін, интернационалист-жауынгерлерге 50 АЕК дейін төлемдерді ұлғайту туралы шешім қабылдады.

- Компанияда әрбір жауынгер-мұнайшы туралы естелік сақталып, көзі тірі ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне, интернационалист-жауынгерлерге қамқорлық жасалуда. Олардың барлығы Компанияның әлеуметтік қолдауымен қамтамасыз

етілген. Бүгінгі мерейтой күні біз тағы да соғыс даласында қаза тапқан және майданда жарақат алып, үйге оралған миллиондаған жауынгерлердің ерлігіне бас иеміз. Сондай-ақ, тыл еңбеккерлеріне жеңіске деген шексіз сенімі мен ерен еңбегі үшін зор ризашылығымызды білдіреміз, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Коронавирус пандемиясына байланысты ағымдағы жылы компанияда Жеңіс мерекесіне орай жыл сайынғы дәстүрлі Компания басшылығының ардагерлердің үйлеріне барып құттықтауы, «Азалы Ана» мемориалына гүл шоқтарын қою рәсімі және ардагерлерді құрметтеуге арналған мерекелік түскі ас іс-шаралары болмады.

Қазіргі уақытта ЕМГ-нің әлеуметтік қолдауымен 3 ҰОС ардагері, 98 тыл еңбеккері мен 15 интернационалист-жауынгер қамтылған. Мерекеге орай барлық төлемдер олардың шоттарына аударылады.

Мерекелік және мерейтойлық күндерге орай төленетін төлемдерден басқа Компания өз қамқорлығындағы ардагерлерді медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді және емдеу мен дәрі-дәрмек сатып алу шығындарын өтейді.

Вклад нефтяной Эмбы в победу

В годы Великой Отечественной войны «Эмба-нефть» не останавливала свою работу ни на минуту и довела добычу до 800 тысяч тонн в год. Наперекор трудностям военного времени прокладывались нефтепроводы Комсомольск-Мака́т, Кошкар-Сагиз, возводились паротурбинная электростанция на Камыскуле и Гурьевский нефтеперерабатывающий завод.

В 1 апреля 1942 года газета «Правда» сообщала, что нефтяники вносят технические новшества в производство, очищают нефть в специальной установке—деэмульсаторе.

На заседании бюро Мака́тского райкома от 29 июня 1944 года было отмечено, что на 01.07.1941 г.

женщин на производстве работало 346 человек, на 01.07.1944 г.. 2255 человек.

К концу войны непосредственно на добыче нефти и бурении трудились 1407 казашек, из них 75 – старшими операторами, 110 – помощниками операторов, 16 – помощниками бурильщика. 194 казашки удостоены правительственных наград. В Гурьевской области из числа девушек на нефтепромыслы пришли по комсомольским путевкам 1135 человек. Горком комсомола отобрал 140 комсомольцев, а областная комсомольская организация -617 молодых рабочих для промышленности.

За свой трудовой подвиг многие нефтяники были награждены государственными наградами.

(Продолжение следует)

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«Ембімұнайэнерго» - тағы да алда

«Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті сақтау бағытындағы шараларға баса назар аударылып келеді. Ағымдағы жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша Ембі өндірісінде, атап айтсақ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-де бір жазатайым оқиға тіркелді. Ақтөбе кен алаңынан Қарасор жаңа кеніші үшін горизонталды сыйымдылығы көлемі 50 м3 және биіктігі 2,5 м Г-2 ұңғымасын қолданыстан шығаруға дайындық жұмыстарын жүргізіп болған соң, төменге секіріп түспек болған жұмысшы жерге құлап түсіп, нәтижесінде, оң жақ білек сүйегінен жарақат алған. Бұл жарақат өндірістегі ауыр жарақат деп саналады.

Көрсетілген кезеңде өрттер, жарылыстар, мұнай мен мұнай өнімдерінің кездейсоқ төгілуі және т.б. сияқты қоршаған ортаға, соның ішінде, уәкілетті органдардың айыппұл салуына, сондай-ақ, адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүліктер мен жабдықтарға материалдық залал әкелетін оқиға орын алған жоқ.

Назарларыңызға I тоқсан қорытындысы бойынша қауіпсіз күндер кестесінің есебін ұсынып отырмыз. 1664 күнді қауіпсіз жағдайда өткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы алда келсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (1077 күн) мен Орталық басқару аппараты (1028) – алғашқы үштікте.

Құрылымдық бөлімше	ЭМЭ	ҚМГ	ОБА	ДМГ	ӨТҚжЖК	ЖМГ	ЖлМГ
Қауіпсіз күндер саны	1664	1077	1028	465	418	186	75

Ер есімі – ел есінде!

Осыдан тура 75 жыл бұрын адамзат тарихында ең ауыр және қанды соғыстың соңғы оқтары атылды. Содан бері 1945 жылдың 9 мамыры жұртшылық жадында халқымыздың ерлік үлгісі, бірлігі мен татулығының символы саналып келеді.

Біздің бабаларымыз бұл күнді асыға күтті. Олардың ұрыс даласында жасаған ерліктері мәңгілік есте қалады, өмір мен өлім айқасқан қанды оқиғалар ешқашан уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Қан майданда Отан үшін шайқан жауынгерлердің ұрпақтары – біз сол қаһарлы жылдар алыстаған сайын оның маңызын ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да, Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күрескен ардагерлеріміз айрықша қашанда зор құрметке ие. Ал, қаза тапқандардың рухына мәңгілік тағзым етеміз.

Біздің парызымыз — бұл Жеңістің бізге қалай келгендігін ұмытпау, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерді қамқорлау.

Өтәлі Балғымбаев

Соғыстың алғашқы жылдарында майданға аттанды. Білімді жігіт бірден авиация мектебіне жіберіледі. Ұшқыш ретінде майданда жорықтарға қатысқан. Түнгі шайқастарға қатысып, ерлік іс-қимылымен көзге түседі.

Денсаулығына орай госпитальға түсіп, кейін жау әскерлер батальонына жіберіледі. Чехословакияны, Венгрияны азат етуге қатысады. Елге аман-есен оралған соң, «Ембімұнай» бірлестігінде еңбек етеді.

«Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.



Калашников Михаил Васильевич

Родился в станице Новопавловская Ставропольского края. В 1942-ом пришла повестка и Михаилу. Часть, в которую он попал после краткого обучения в Геленджике, была изрядно вымотана и потеряла большую часть личного состава, отступая с боями от самой границы. Воевали в горах Кавказа, а потом поступило задание организовать десант на Малую землю. Их часть была в резерве Жуково – поэтому ее «кидали», где нужнее – в Калинин, Смоленск, освобождали Белоруссию, Литву и Латвию, захватили частично, затем на Калининград. Когда воевал на Востоке, их часть выгрузили в районе Читы, там они вели бой за Мукден, Харбин, дошли до Порт-Артура. Когда их уже хотели возвращать в Союз, с гор спустились бандформирования и вырезали мирное население в Харбине. Так и прослужил Калашников до 1950 г. А после демобилизации он поехал на освоение нефтяных промыслов в Казахстан. Так и оказался в нашей области. Заслуженный нефтяник Казахской ССР.



Әбдрахманова Гүлжамал Бахтиярқызы

1942 жылғы 22 шілде мен 1945 жылдың қараша айы-Аралығында ҰОС-на қатысып, байланысшы болды. Майданда көрсеткен ерліктері үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» («За бое-



вые заслуги») медалімен марапатталды.

Соғыстан аман-есен елге оралып, Мәскеу қаласында бухгалтер мамандығы бойынша білім алды. Кейін ұзақ жылдар Ембі өндірісінде - қаржы саласында еңбек еткен.

Сәлім Қарабаев

1942 жылдың 1-мамырында соғысқа аттанды. Орынбор облысындағы әскери мектепте қысқа курстан өтіп, пулеметчик-минометчик болып Сталинград шайқасына қатысады. Алғашқы қатысқан шайқасы Котельников стансасында өткен. Сталинград шайқасынан соң, Украинаны азат ету ұрыстарында болып, Донбасс, Макеевка, Мелитополь, Днепрді жау қолынан азат еткен. Соғыстан кейінгі жылдарда Махамбет, Новобогат аудандарының білім ошақтарында ұзақ жылдар еңбек етті. Партия саласының жұмысына араласып, қызмет жолын «Ембімұнай» мекемесінде жалғастырады. Осы мекемеден 1997 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан.



Байжан Умирбаев

Служил в инженерно-сап-перном батальоне старшим радистом. У него была очень рискованная, но захватывающая служба. Ходил с разведгруппой в тыл врага и сразу передавал все данные командованию. И случалось, что корректировали огонь нашей артиллерии по ими же обнаруженным огневым точкам и секретным объектам.

От Верховного Главнокомандующего получил Благодарность за разгром вражеской группировки в Копсунь-Шевченковской операции, за взятие городов Могилева, Умани и т.д. За форсирование Днепра, где он тоже отличился, получил медаль «За боевые заслуги». А медалью «За отвагу» был награжден 3 мая 1945 г., в период противостояния с Курляндской группировкой. Вернувшись на Родину, работал в геолого-поисковой конторе, в Северо-Эмбинской нефтеразведочной экспедиции и показал себя столь же высококвалифицированным и творческим работником.



Славов Николай Николаевич

Он – одессит. И выбор профессии для него не был затруднителен – он будет моряком. Пошел в морское училище, на электротехнический факультет. Но 25 мая 1941 г. его призвали на срочную службу, в саперные войска.

В 1946 г. часть расформировали и передали в состав треста «Гурьевнефтехимстрой». Затем он заочно закончил проектный институт и перешел работать в «Каззапсельпроект», где уже считался главным энергетиком проекта.

Награжден орденами и медалями ВОВ.

**Елубаев Әбдірахман Елубайұлы**

І дәрежелі «Отан соғысы», «Жеңіске қосқан үлесі үшін» ордендерімен, «Ұлы Отан соғысы ардагері» төсбелгілерімен, «Соғыстағы ерлігі үшін», «Жеңіс үшін», «Жуков» медальдары тәрізді 20 шақты орден-медальдармен, төсбелгілермен марапатталған.

Соғыстан кейін «Құлсарымұнайгаз» басқармасында экономист, есепші, бас есепші қызметтерінде еңбек еткен. Бүгінгі таңда бір отбасыда бұл кісімен бірге баласы, үлкен келіні, бір немересі мен немере келіні, шөбересі бірге тұрады.

**Қожағали Бисембиев**

1942 жылы Ұлы Отан соғысына барып, Берлинге дейін жеткен. Сталинград майданында шайқасты. Жаяу әскерде жауынгер болған. ҰОС орден-медальдарымен марапатталды.

Елге оралған соң «Құлсарымұнайгаз» басқармасында жүргізуші болып еңбек етіп, кәсіподақ саласында жұмыс жасаған. Бүгінде 5 ұл, 5 қыздан тараған немере-жиендері бар.

**Николай Агеев**

В составе Северо-Кавказского фронта освобождал Нальчик, Беслан, был ранен и попал в госпиталь, но снова вернулся на фронт.

Когда во время высадки десанта, оказавшись в воде, он едва не потонул из-за тяжелой материальной части путемета, он предпочел – или выбраться вместе с нею или погибнуть, потому что знал, как ценна каждая единица оружия, так как здесь воистину шел бой во имя всей земли. В котором они победили. С большими потерями, но победили! Они освободили Дарницу. Под украинским городом Сумами Николай был тяжело ранен в ногу. И был демобилизован по инвалидности. Но он не захотел быть инвалидом, остаться в стороне. Он хотел вернуться в строй, и снова вернулся. Освоил профессию токаря. А когда набирали специалистов на дозорские промысла, он тоже поехал – так и остался здесь навсегда. Позже переехал в Атырау и многие годы работал механиком, начальником цеха в Прикаспийской нефтеразведочной экспедиции.

**Тайыр Ғұмаров**

1942-1947 жылдар аралығында ҰОС-на қатысқан. Ұрыс даласында оқ тиіп, ІІ топтағы мүгедек ретінде елге оралады. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін Саратов мұнай техникумын техник-жоспарлаушы мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1949-1988 жылдар аралығында «Казахстаннефть» өндірістік бірлестігіне қарайтын «Казнефтегазразведка» тресіне, кейіннен Геология министрлігі жүйесіне қарасты мұнай-газ кен орындарын барлау саласында ұзақ жылдар жұмыс істеген.

**Сәлім Шынтеміров**

1944-1950 жылдары ҰОС-на қатысты. Украина майданында шайқасып, Чехословакияны азат етуге қатынасқан. Майдандағы ұрыс даласында көрсеткен ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін Гурьев мұнай техникумына оқуға түсіп, техник-геолог мамандығын алып шығады.

«Қазақстаннефть» ӨБ қарамағындағы «Казнефтегазразведка» тресінде, Батыс Қазақстан геологиялық басқармасына қарасты мекемелерде геолог, аға геолог болып, көптеген кен алаңдарын барлауға қатысты. Қаратон, Тәжіғали, С.Балғымбаев, Жаңатап, Забурын, Гран кен алаңдарын ашуға үлес қосты.

**Тұраш Көптілеуов**

1942-44 жылдары Доссордағы жұмысшылар училищесін бұрғышы мамандығы бойынша бітіреді. Оқу орнын бітіре сала майданға аттанады. Ұрыс даласында жарақат алып, ІІІ топтағы мүгедек ретінде елге оралады. ІІ

дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған. 1951-1985 жылдары аралығында «Қазақстаннефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Казнефтегазразведка» тресінің барлау партияларында, терең бұрғылау учаскелерінде бұрғышының көмекшісі, бұрғышы болып еңбек етеді.



P.S. Майданнан елге оралып, Ембі өндірісінің дамуына үлестерін қосқан бұдан басқа да - **Құрманбай Досымбетұлы, Дүйсенбай Көшекбаев, Ажар Оразғалиева** сынды ардагерлер бар. Олардың соғыс пен еңбек майданындағы ерліктері көпке үлгі болып, есімдері жадымызда сақталып қалмақ.

Доссордан Берлинге дейін...



Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толып отыр. Сол сұрапыл жылдарда талай асыл азаматтарымыз толарсағынан қан кешіп жүріп, жанын пидә етіп, бейбіт өмір үшін неміс басқыншыларымен қайсарлықпен соғысты.

Ерлік істерімен жеңісті жақындатты, соған қол жеткізді. Майданға алғашқылардың қатарында аттанып, еліне жеңіспен оралған жерлестеріміздің бірі доссорлық мұнайшы Келіс Қожақов еді.

Доссор мұнай кәсіпшілігінің автокөлік кеңсесінде механик болып қызмет істейтін Келіс Қожақұлы 1941 жылдың 5 желтоқсанында әскер қатарына өз еркімен аттанған. КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1941 жылдың 13 қарашасындағы №894 қаулысына сәйкес Ақтөбе қаласында жасақталуы жүріп жатқан 101-ші дербес Қазақ ұлттық атқыштар бригадасының сапына қосылады.

Доссордан аттанғанда К.Қожақовпен бригадаға келіп сапқа тұрғандардың қатарында доссорлық Х.Бозаев, А.Жәкиев, мақаттық А.Тәжібаев, байшонастық Б.Қалиев, бақсайлық О.Шонаев, О.Түсіпов және т.б. болған.

Кәсіпшіліктің бригадаға бөлген ЗИС-5 жүк машинасымен келген Келіс танкіге қарсы зеңбірек дивизионының құрамына бекітіледі. Жоспарлы әскери оқу-жаттығу дайындықтарын аяқтаған бригада 1942 жылдың қараша айында Калинин майданының құрамында неміс әскерлеріне қарсы дайындалған «Марс» шабуылдау операциясына қатысады.

Қарашаның 26-нда алғашқы шайқастарға кірген бригада жауынгерлері Ржев қаласына жақын маңдағы Мишуково, Зайцево, Урдум және Молодой Туд бекіністерінің қатты қарсылығына кездеседі. Дербес зеңбірек дивизионы да жау бекіністеріне оқ жаудыра отырып, батальондардың ілгерілуіне жағдай жасайды. Сержант К.Қожақов та ЗИС-5 көлігімен борап тұрған жау оғының астында зеңбірекшілірді қару-жарағымен камтамасыз етеді.

1943 жылдың қараша айынан 1-ші Балтық майданының құрамында соғысқан 101-ші бригада жауынгерлері Калинин, Витебск, Великие Луки, Смоленск облыстарының елді мекендерін жау әскерлерінен азат ету операцияларына қатысады.

Сол жан алысып, жан беріскен, қиян-кескі шайқастарда ЗИС-5 көлігінің жүргізушісі коммунист сержант К.Қожақов та ерлік іс-қимылдарымен көрінген. Ресейдің Орталық Әскери архивінің «Подвиг народа» сайтындағы мына бір құжатта: «Во время боев за д. Межино несмотр-

ря на сильный пулеметно-минометный обстрел, сержант водитель Кожиков подвозил на автомашине боеприпасы непосредственно в боевые порядки батареи, вывозя обратными рейсами раненых...» - деп жазылған. Осы ерлігі үшін зеңбіректер дивизионының ержүрек жүргізушісі сержант К.Қожақов 1944 жылдың 31 қаңтарында 101-бригада командирі полковник Воробаяевтың бұйрығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Сержант К.Қожақовтың бұдан әрігі жорық жолдары Белоруссия, Балтық жағалауы елдерін азат ету шайқастарымен жалғасады.

1944 жылдың 29 маусымы мен 4 шілдесі аралығында 1-Балтық майданы Полоцк шабуылдау операциясын жүргізеді. 4-Екпінді Армияның құрамында болған 101-бригада да осы операция барысында жаудың әскерлер тобын жоюға және Беларуссияның ірі облыс орталықтарының бірі, стратегиялық маңызы зор Полоцк қаласын азат етуге қатысады.

Операцияға және Полоцк қаласын азат етуге қатысқан әскери құрамаларға Жоғарғы Бас қолбасшының 1944 жылғы 4 шілдедегі бұйрығымен Алғыс жарияланған және Мәскеу қаласында 224 зеңбіректен 20 дүркін салют берілген.

1944 жылдың 7 шілдеде Қызыл Армия құрамында жүргізілген қайта құру шараларына сәйкес 101-дербес қазақ ұлттық атқыштар бригадасы таратылған. Біздің жерлесіміз жүргізуші сержант К.Қожақов 90-гв. атқыштар дивизиясының 95-дербес гв. танкіге қарсы дивизионының сапында қызметін жалғастырады.

1-Балтық майданының 4-Екпінді армиясы 22-гвардиялық атқыштар корпусының құрамына енгізілген 90-гв. атқыштар дивизиясы 1944 жылғы тамыздан Литва және Латвия республикаларын азат етуге қатысады.

1944 жылдың 14 қыркүйегінде басталған Рига операциясына қатысқан 90-гв. атқыштар дивизиясы «Сигулда» шебіне бекінген жаудың «Солтүстік» тобының орасан зор қарсылығына тап болып, тоқтауға мәжбүр болған. Тиянақты әзірліктен кейін 22-гв. атқыштар корпусының құрамындағы 90-гв. дивизия шабуылын қайта жандандырып, 15 қазанда Латвия астанасы Рига қаласын, кейінгі күндері елдің көптеген елді мекендерін жау қолынан босатуға қатысады. Сөйтіп, бұл шабуылдау операциясы 22 қазанда Кеңес әскерлерінің жеңісімен аяқталады.

Мемель шабуылдау операциясы да осы мезгілде жүргізіледі. Дивизия бөлімдері қатысқан бұл маңызды операцияның мақсаты орындалады – неміс әскерлерінің «Солтүстік» тобы қоршауға алынып, Шығыс Пруссиямен қатынасы үзіледі. Осы шабуылдау операцияларының барысында шайқастардағы ерліктері үшін 332 мың әскер мен офицерлер КСРО-ның орден-медалдарымен марапатталған.

(Жалғасы келесі санда).

Орақ ДЕҢГЕЛБАЕВ,
мұнайшы ардагер, өлкетанушы,
Мақат ауданының Құрметті азаматы.

Татулығы жарасқан ұжымда табыс бар

2020 жылдың бірінші тоқсанында «Жайық-мұнайгаз» МГӨБ-на қарасты «Жаңаталап» мұнай және газ өндіру цехының ұжымы мұнай өндіру жоспарын артығымен орындауға қол жеткізді. Әрине, табыстың кілті - ұжымның ауызбіршілігімен қатар, өндіріске еніп жатқан жаңа әдістер мен технологиялардың нәтижесі.

«Жаңаталап» мұнай-газ өндіру цехында «Интеллектуалды кен орны» бағдарламасы 2017 жылы басталған еді. Кен алаңындағы барлық 158 ұңғыма осы бағдарлама аясында жұмыс істеуде. Мақсат - өндірісті автоматты түрде толық бақылауға алу, өнім өндіру барысын қашықтықтан басқару.



Жалпы, аталмыш цехта жаңа әдістер мен тың технологияларды іске қосу батыл жүруде. Өндіріс-тегі осы жаңалықтарға қысқаша тоқталсақ, Жаңалықтың бірі – бүгінгі таңда іске қосылған ИСУ «VLT-SALT» қондырғысы арқылы ұңғымалардың өнім өндіру барысын алыстан бақылап, реттеп отыруға мүмкіндік орнады. Май қазандарына келіп жатқан өнім деңгейін автоматты түрде бақылауда ұсталы-нуда. Резервуарларға 3 массомер орнатылды. Кеніштегі ұңғымалардың жұмысын бақылап жүрген мұнайшылар барлық керек құрал-жабдықтармен қамтылған, операторлар қолдарындағы планшет арқылы ұңғымалардың өнім көрсеткішін дереу тіркеп отырады. Бұл планшетті оператордың өндіріс-тегі күнделікті жұмысын бағалаушы деуге де бола-ды, олардың жұмыс уақытында кен алаңдарындағы атқарған істері планшет арқылы анық байқалады. Оператор барып жұмысына бақылау жүргізген ұңғымалар планшетте жасыл түспен көрінсе, қызылмен белгіленгендер - кезегін күткен ұңғымалар

42 жыл бойы «Жаңаталап» мұнай-газ өндіру цехында оператор болып еңбек етіп келе жатқан Т.Елешов «өндірістің автоматты жүйеге көшуі - табыстың кепілі» дейді.

- Жаңаталап кеніші 1974 жылы іске қосылды. Мен 1978 жылы осы кенішке мұнай-газ өндіру операторы болып жұмысқа тұрғанымда қазіргі технология түсімізге де кірмейтін. Барлық жұмыс қолмен атқарылатын. Бүгінде өндіріске еніп жатқан технологиялар арқылы кеніштегі барлық ұңғының өнім беру көрсеткіші автоматты түрде көз алдымызда. Ұңғылардың мұнай өнімі төмендеп кетсе, дереу себебін анықтауға кірі-

семіз. Аздаған уақытта ұңғыманың көрсеткішін реттеп, іске қосамыз. Бұрын бұл жұмысқа 1 күннен астам уақыт кететін. Өндірістің жаңалығын көргенде осы ұжымның байырғы мұнайшысы ретінде бүгінгі жас мамандар үшін қуанамын. Кешегі күндерде біз осының бәрін қолмен атқардық, - деген «Ерен еңбегі үшін» медалінің (1999 ж.), «Құрмет» орденінің (2011 ж.) иегері Т.Елешов өндірістің жаңалығына деген қуанышын жасырмады.

«Шағын фазалық сораптар» қондырғысы іске қосылғаны да өндірістің басты жаңалығы екенін айтқан цех басшысы Ө.Қадралиев бүгінде «Солтүстік Жаңаталап» кен алаңында 9 сорап, ал, «Шығыс Жаңаталап» кен алаңында 4 сорап жұмыс жасап тұрғанын тілге тиек етті.

Аталмыш қондырғының іске қосылуы экологиялық проблемаларды шешуге үлкен сеп болып отыр. Мұнай өндіру процесінің технологиялық режимі толықтай жабық жүйеге көшірілді. Шынын айту керек, бұрын өнім көрсеткішін сақтау мақсатында ілеспе газды ауаға жаққан кездер де болды, бүгінде қоршаған ортаны қорғау талаптарын қатаң сақтаймыз, - дейді «Жаңаталап» мұнай-газ өндіру цехының басшысы Ө.Қадралиев.

Бүгінде Ембі өндірісіндегі өзекті мәселенің бірі - өндірісішілік жолдың сапасы. «Атырау-Астрахан» тасжолынан Жаңаталап кенішіне дейін автокөлік жолын салу нысаны жоспарланып, бүгінде құрылыс жұмыстарының жобалау-сметалық құжаттары жасақталып бітті. Қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Сонымен қатар, Жаңаталап пен С.Балғымбаев кен орындары аралығына тікелей қатынайтын автокөлік жолын салу күн тәртібінде тұр.

Ұжымның басты байлығы жұмысшылары екені даусыз. Бұл ұжымның бір өзгешелігі - ұжым мүшелерінің бірқатары байырғы тәжірибелі мұнай-шылар қатарынан. Жаңаталап кен алаңына жаңа әдістер мен заманауи технологияны өндіріске енгізудің өзектілігіне баса көңіл бөлінуде. Әрине, жақсы істер кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Заман көшінен қалмау мұнай-газ секторындағы тың жаңалықтарды толығымен игеруді, оны тиімді іске қосуды талап етіп отыр. Аталмыш ұжым да осы бағыттан табылу жолында еңбектенуде.



Медицина және полиция қызметкерлеріне миллион

Қайырымдылық қасиетімен және жоғары азаматтық жауапкершілігімен ерекшеленіп келетін Ембі мұнайшылары жалпыхалықтық «Bizbirgemiz» акциясына үлес қосуды жалғастыруда.

- Біздің Компаниямызда еріктілер қызметі жақсы жолға қойылған. Осы жолы да компания ұжымы Атырау облысының Іскер әйелдер кеңесінің карантиндегі медицина және полиция қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету жөніндегі бастамасын бірауыздан қолдады. Нәти-

жесінде, Компанияның басқару аппаратының басшылық құрамы мен «Мұнайшы қыз» клубының мүшелері жеке қаражаттары есебінен 1 миллион теңгеден астам ақша жинады. Бұл қаражат жоғарыда аталған жерлестерге қолдау ретінде аударылады, - деді ЕМГ Бас-қарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» әйелдер клубының төрайымы Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Жайықтық мұнайшылардың қайырымды көмегі



Бес күн бойы ұйымдастырылған шара кезінде 600 мың теңгеге жуық қаражат жиналған. Басқарманың Кәсіподақ комитеті де қайырымдылық шарасына үлкен қолдау көрсетіп, шараның бел ортасынан табыла білді.

Жайықмұнайгаздық мұнайшылар қолдау көрсеткендердің арасында үш тыл еңбеккерінің отбасы да бар. Айта кету керек, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымының бұл – жыл басынан бері екінші рет ұйымдастырып отырған қайырымдылық акциясы. Биыл ақпан айында ұжым Исатай ауданында церебральды сал ауруы дертіне шалдыққан жасөспірім баланың денсаулығына орай қаражатпен қолдау көрсетіп, оның Қырғыз еліне барып ем алуына жағдай жасаған еді. Бұл кезде де аталмыш басқарма басшылығы, Кәсіподақ комитеті, «Nur Otan» БПҰ болып бірлесе отырып, үлкен шараны жүзеге асырған болатын.

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымы «Nur Otan» бастауыш партия ұйымының бастамасымен жалпыхалықтық «Bizbirgemiz» акциясына үлес қосуды жалғастырды.

- Бүгінде ел аумағында үлкен ұйымшылдықпен жүріп жатқан «Bizbirgemiz» жалпыхалықтық акциясына жайықмұнайгаздықтар белсене үлес қосуда. Басқармадағы «Nur Otan» БПҰ көтерген бастамасына ұжымдағы Кәсіподақ комитеті, басқарма басшылығы бірден қолдау көрсетті.

Исатай ауданындағы Аққыстау және Х.Ерғалиев атындағы ауылдық округ әкімшіліктерімен және «Nur Otan» аудандық БПҰ-мен тығыз байланыс орнатып, әлеуметтік қолдауға зәру отбасыларының тізімі алынып, нәтижесінде 30-ға жуық отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді, - дейді «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің басшысы, «Nur Otan» БПҰ төрайымы Галя БЕКЕШЕВА.



А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, blog_emg@emg.kmgerp.kz электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді

басқару және еңбекке ақы төлеу

департаментінің директоры;

Ә.Каримов – келешекті дамыту

департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.